



Павлодар қаласында брикеттелген көмір шығаратын өндіріс орны ашылды. Бұған дейін Қазақстанның бірде-бір аймағында мұндай зауыт болмаған еді. Жаңа өнім тұрғындар мен ірі кәсіпорындарға айтарлықтай тиімді.

# Жаңа өнім

## облыс орталығында брикеттелген көмір өндірісі іске қосылды

Ал бағасы қол жетімді. Брикеттелген көмірдің 1 тоннасы 11 мың теңге тұрады. 1 тонна өнім орташа есеппен бір жарым айға жетеді. Алайда бұл өнімді үйлерді жылу батареялары арқылы жылытатын бу пештеріне ғана қолдануға болады. Не болмаса, брикеттелген көмірге арналған арнайы пештерді сатып алу қажет. Бір пештің құны - шамамен 100 мың теңге. Зауыттың ашылуына қатысқан облыс әкімі Болат Бақауов егер инвестициялық жоба өзінің тиімділігін дәлелдеп, тұрғындар тарапынан жоғары сұранысқа ие болса, ауылдық жерлерде салынатын жаңа үйлерге осындай пештерді орнатуға болатынын айтты.

- Аймақтың экономикасын ірі өндіріс орындары ғана емес, осы «Убунту» ЖШС сияқты шағын кәсіпорындар да құрайды. Сондықтан, оларды назардан тыс қалдыруға әсте болмайды. Брикеттелген көмір өндірісі - еліміз үшін тың өнеркәсіп. Оның жұртшылыққа қаншалықты қажет ері тиімді болатынын түсіну үшін алдымен тұрғындар пайдаланып көруі тиіс. Сондықтан, елді мекендердегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға

бір-бір тоннадан үлестірсеңіздер, нақты нәтижені көре аласыздар. Бұл ретте бір ғана аудан аумағында шектеліп қалмау керек. Егер брикеттелген көмірдің шын мәнінде пайдалы екеніне көз жеткізсек, жаңа баспаналардың жобасына көмірдің осы түріне арналған пештерді енгіземіз, - деді Б.Бақауов.

«Убунту» серіктестігінің құрылтай-шысы Бауыржан Асановтың айтуынша, қазіргі кезде тұрғындар ғана емес, ірі және орта кәсіпорындар тарапынан да тапсырыс бар. Брикеттелген көмір дайындауға қажетті шикізат әлемдік зертханаларда сараланғандықтан, барлық талаптарға сай.

- Өндірісті қолға алмас бұрын Майкөбе, Екібастұз, Сарыкөл және Талдықөл көмірлерінің үлгілерін Оңтүстік Кореядағы зертханаларға жібердік. Сараптама нәтижесінде Майкөбеде өндірілетін көмірдің сапасы жоғары деген қорытынды шығарылды. Сөйтіп, Майкөбе Invest компаниясымен ұзақ жылға келісімшарт жасалды. Шикізатпен қамтуда қиындықтар болмайды деп сенеміз. Майкөбеде жеткізілген көмірді ұсақтап, арнайы құрыл-

ғылар көмегімен пресстеп, шетелдік технология бойынша брикеттелген көмірді дайындаймыз, - дейді Б.Асанов.

Кәсіпорын бір ауысымда 90 тонна брикеттелген көмір шығаруға қауқарлы. Әзірге мұнда 18 жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Алдағы уақытта жұмыс орындарының саны 35-ке жетуі мүмкін.

Оңтүстік Кореялық құрылтайшы Сон Сынг Мо Қазақстанда өндірістің бұл түрі қанат жаярына сенім білдірді.

- Біздің елде брикеттелген көмір шығару осыдан 80 жыл бұрын басталған еді. Бүгінде тұрғындардың шамамен 20 пайызы өнімнің осы түрін қолданады. Қазақстанда қыстың ұзақ ері суық болатынын ескерсек, тұрғындар тарапынан сұраныс болады деген ойдамыз. Көп ұзамай, павлодарлықтар өнімнің артықшылықтарын байқаған соң, кәсіп ауқымы да кеңеюі мүмкін, - деді Сон Сынг Мо.

Осылайша, нарықта кәдімгі көмірге лайықты бәсекелес болар жаңа өнім пайда болды. Оның артықшылығын немесе кемшілігін бағамдау сіздердің құзырларыңызда.

